

ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН – “ҚЫРҒЫЗ ХРЕСТОМАТИЯСЫ”

Ширинбеков Дастан Медетбек ұлы

Шыршық мемлекеттік педогогикалық университеті «Қазақ тілі және әдебиеті»
бағытының II курс студенті.

Байзаков Жандос

Ғылыми жетекші:

Шыршық мемлекеттік педогогикалық университетінің ұстазы,
доцент, Phd докторы.

АННОТАЦИЯ

Қазақтың аса көрнекті ағартушы-педогогы, жазушы, ақын, этнограф, фольклортанушы ғалым әрі қоғам қайраткері – Ыбырай Алтынсарин. Ол өзі жасаған кезеңнен бастап-ақ халықтың ауыр тұрмыс –тіршілігіне қарамастан жастарды білімді зерек болуына мол ат салысып, қазақ тарихында өшпес із қалдырады.

Кілт сөздер: хрестоматия, жазушы, ұстаз, ағартушы-педагог, этнограф, ақын.

ABSTRACT

The most prominent Kazakh educator-teacher, writer, poet, ethnographer, folklorist scientist and public figure is Ibray Altynsarin. He was a man who, in spite of the difficult life of the people, made a great contribution to the education of young people, leaving an indelible mark on the history of the Kazakh people.

Keywords: anthology, writer, teacher, educator, ethnographer, poet.

Ыбырай Алтынсарин 1841 жылдың, қазан айының, жиырманшы жұлдызында, Қостанай облысы, Қостанай ауданында дүние есігін ашады. Үш-төрт жасында әкеден ерте жетім қалған Ыбырай атасы Балғожаның қолында тәрбиеленеді. Қыпшақ тайпасының Ұзын руынан шыққан. Атасы Балғожа би өз дәуіріндегі атақты белді адамдардың бірі, ел арасында көп билікті ұстанған, көреген адам болған. Ол заманның дамуына өзінше талқылама жасап, мал табудың ендігі жолы оқу-білім қуудан болар деп түсінік жасайды. Сондықтан Ыбырайды білімді ету мақсатында оны Орынборда ашылуға тиіс болған орыс-қазақ мектебіне күні бұрын жаздырып қояды. Бұл арқылы Ыбырай болашақта білімді, оқыған адам болып, білікті жұмыстарда қызмет атқара алады, әрі ата-

анасын сол арқылы сақтайды деген оймен берген болатын. Әлгі мектеп 1850 жылда ашылып, сол жерде оқитын отыз баланың ішінде тоғыз жасар Ыбырай да болады. Ыбырай бұл мектепте бар ынтасымен, зейін қойып оқыды. 1857 жылда мектепті «ең үздік» деген бағамен бітіріп шығады да, өз ауылында тілмаштық қызмет атқарады.

Екі жылдай мерзімді өз ауылында өткізген болашақ ағартушы халқының ауыр жағдайын тереңірек сезініп, оларды көкке көтеру жайлы мол қиялдарды ойдан өткізеді. 1859 жылда ол атасының белгілі танысы болмыс – Орынбордағы Шекаралық комиссияның төрағасы, шығыстанушы белгілі ғалым, профессор В. В. Григорьевпен жақыннан танысады. Ол Ыбырайға жылы лебізбен қарап, оның оқып, білім тереңдетуі үшін барлық жағдайды жасап береді. Тіпті, өзінің кітапханасына кіруінеде рұқсат береді. Ол кітапхана болашақ мұғалім өз білімін молайта түсіп, орыс және батыс елдерінің әйгілі, әрі, тартымды шығармаларымен танысады. Көптеген педогогикалық кітаптарды оқып, өз болашағының іргетасын құрайды. Ақылы өрбіп, халықтың тұрмыс-салтын терең ұғынған Ыбырай өз алдына тілмаш болуды емес, ағартушылық қызмет атқаруды мақсат етіп қояды. Оның бүкіл ойы ағартушылыққа ауады. Соның арқасында, 1860 жылда Жайықта ашылған төрт бастауыш мектептің Торғайдағы орғыға барып, сонда оқытушылық қызмет атқаруды сұрап алады. Дегенмен, бұл мектеп сол кезде ашыла қоймайды. Өз мақстын қайтпаған қайсар мінез Ыбырай ауыл адамдарына мектеп жайлы түсінік беріп, балаларды үй ішінде оқыта бастайды. Торғай мектебі 1864 жылда ашылады. Бұл жайлы Ыбырай былай деген: «Осы жылы қаңтардың 8-і күні көптен күткен ісім орнына келіп, мектеп ашылды. Оған 14 қазақ баласы кірді. Бәрі де жақсы, есті балалар. Мен балаларды оқытуға қойға шапқан аш қасқырдай қызу кірістім¹».

Мектепте берілетін сабақтың негізгі оқулығы болмаған соң, Ыбырай білім беруде біраз қиындықтарға душар болады. Бірақ ол сабақты көбірек өзі жазған шағын әңгімелермен өткізеді. Нәтижеде, ол ұстаз болумен қатар, ақындық, жазушылық қабілетінде терең ұғынып, дамыта түседі. «Қазақ даласын үш жылдай аралаған Сіздің қазақ халқы ұғымтал, ақылды, дарынды, бірақ оқымаған халық дейтініңізге мен сенемін. Қазақ халқы қарапайым, өнері жоқ халық, бірақ біз қарапайымдылықтың өзінен де көп жақсылық табамыз²», - деп айтады Ыбырай Н. И. Илминскийге жазған хатында. Ол өз елі жайлы ой білдіре келіп, халқының беделін көтеруге бар талап пен ынта қойып жүргенін білдірген ағартушы өзінің демократтық көз қарасымен де көзге түседі.

¹ Ы. Алтынсарин, Н. И. Илминскийге жазған хатынан.

² Ы. Алтынсарин, Н. И. Илминскийге жазған хатынан.

Осылайша, орыстың зиялы ғалымдарының арасында беделді, сыйлы болған Ыбырай қазақ мектептерін көтеретін жалғыз-ақ құрал бұл оқулық деп санады. Ол оқулық жарату үшін өз қолынан келген барлық жұмысты атқарды. 1876 жылдан бастап «Қазақ хрестоматиясын» жазуға кірісіп, 1879 жылда оны Орынбор қаласында быстырып шығарды. Бұл кітапқа кейіншелік, қазақ жастарын оқытудағы басты оқулық ретінде қаралып, қазақ даласындағы көптеген мектептерге таралды. Бұл кітапты құрастырған ол өзінің халық ойын көтеретін, азаттыққа, білімділікке шақыратын өлеңдерін, адам бойындағы көркем мінезі мен сұлу көрінісін, адал еңбек пен арам ойларды ажырата көрсеткен шағын әңгіме-новеллаларын қосып, одан ары қарай орыстың белгілі шығармаларына да аудармалар жасап енгізді. Сонымен қатар оқулыққа қазақ ауыз әдебиетінің тәрбиелік мәнге ие көркем туындылары мен мақал-мәтел секілді нақыл сөздерінде енгізе келіп, қазақ халқының сауатын ашуға қатаң бел байлады. Қазақ халқы ежелден әріп танымай, жазбаша оқуды білмесе де, ауызша суырып салма өлеңдерді өздері шығарып, бір айтқаннан жаттап алатын зейінді халық екенін орыс ғалымдарына дәлелдеп берген болатын.

Оның шығармаларында табиғатты суреттеу әдісі кең қолданылған. Бұл арқылы ол қазақ жастарына табиғат сұлулықтарын ашып көрсете келіп, оларды отанды сүйуге, табиғатты аялауға шақырады. Табиғат көріністерін адам мінездерімен қатарластыра келіп, адам мен табиғаттың ажыралмас үлкен күш екенін көрсетеді. Мұндай көркем туындылар Ыбырайға дейінгі ешбір қазақ ақындарында өз бейнесін таппаған. Бірақ мұндай суреттеу әдістері қазақ ауыз әдебиетінде кеңінен қолданылған. Сондықтанда, біз Ыбырайды халық ауыз әдебиетінің туындыларымен жақсы таныс болған деп айтуымызға болады. Бұл әдістер жинағы мен шығармалар бір-бірімен үйлесімді болып, Ыбырайды ағартушы, ұстаз, ақын-жазушы деген атақтармен қоса, оны фольклортанушы ғалым деп айтуымызға да болатынының нағыз дәлелі болып саналады.

Қорыта айтқанда: Ыбырай Алтынсарин қазақ тарихында өшпес із қалдыра білген дарынды ақын- жазушылардың бірі болып саналады. Оның қазақ жастарын оқытуда ұстанған әдістері мен жазған шығармалары оның қабілетті дарын, білімді, көркем сөз шебері екендігінің нақты белгісі болып табылады. Біз жастар мұндай ғалымның жазған шығармалары мен бірге бастан кешкен қиын күндері ешқашан ұмытпай олардан өзімізге тиісті тәрбиелік мәнін терең түсініп, мұндай ғұламаларымызды ардақ тұтуымыз қажет.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ: (REFERENCES)

1. Қазақстан тарихы (XVIII ғасыр — 1914 жыл). Жалпы білім беретін мектептің 8-сыныбына арналған оқулық. 2-басылымы, өңделген. Алматы: Атамұра, 2012.
2. Ыбырай [Ибраһим] Алтынсарин. «Тандамалы шығармалары (таңдаулы шығармалар)». Ғылым, Алматы, Қазақстан. (1994).
3. Ламашев, А. Ыбырай Алтынсарин: Семинарлар. Ана тілі. (1983).
4. Изабель Крейндрлер. "Ибрагим Алтынсарин, Николай Ильминский және қазақтың ұлттық оянуы". Орталық Азия бойынша зерттеу. (1983).